

Марал пантысын әкету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 2 қараша N 436-ө

1. Шығыс Қазақстан облысының "Черновинское" ауыл шаруашылығы кәсіпорнына Сеул қаласындағы "Kornex Trading Co., Ltd" оңтүстік-корей компаниясымен 1995 жылғы 28 маусымдағы N 270/95 контракт негізінде Қазақстан Республикасынан 422,16 кг марал пантысын Кореяға әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Черновинское" ауыл шаруашылығы кәсіпорнына аталған мөлшердегі марал пантысын әкетуге белгіленген тәртіппен лицензия беретін болсын.

Премьер-Министр